

Турабеков Манас Рамазоновичтің

**8D09102- «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Мал шаруашылығы нысандарын профилактикалық дезинфекциялауға арналған қауіпсіз қосылыстар негізінде дезинфекциялық заттарды даярлау» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу.

Жануарлардың жұқпалы ауруларға қарсы әл-ауқатын, олардың өнімділігі мен алынатын өнімдердің, шикізаттың және жемшөптің санитариялық сапасын арттыруды қамтамасыз ететін ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүйесінде дезинфекция маңызды орындардың бірін алады. Дезинфекция деп қоршаған орта объектілеріндегі немесе ондағы патогендік және шартты-патогендік микроорганизмдерді жою мен түсіндіріледі. Дезинфекцияның негізгі мақсаты - эпизоотиялық тізбекті яғни қоздырғыштың инфекция ошағынан сезімтал ағзаға берілу процесін үзу. Жұқпалы аурулардың алдын алу және жою шарасы ретінде дезинфекцияның тиімділігі көбінесе, оны жүзеге асырудың кешенділігіне байланысты.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, жаңа ветеринариялық, дезинфекциялық препараттарды іздестіру кезінде микроорганизмдер мен жәндіктерге қарсы бактерицидтік, фунгицидтік және инсектицидтік әсерінің кең спектрі бар, көп функциялы химиялық қосылыстарға назар аудару қажеттелігін және олардың адамдар мен жануарлардың организміне қоршаған ортаға қауіпсіз болу керектігін ескертеді.

Докторанттың ғылыми зерттеу жұмыстарының басты бағыты – қоршаған ортаға экологиялық қауіпсіз қосылыстар негізінде отандық композициялық препараттарды құрастыруға негізделгені диссертация тақырыбының өзектілігін арттырып отыр.

Докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелерді ашу.

Диссертацияның өндірістік эксперименталды зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында, қора-жай ауасының микробтық ластануының мөлшері И.И. Гуславский, Ж.Б. Мырзабеков, П.Ш. Ибрагимов, О.О. Тагаев және т.б. ұсынған әдістеме негізінде іске асырылып, соған сәйкес микроорганизмдерді ұстау үшін көлемі 50 мл химиялық таза шыныдан жасалған УМ-1 колбасы (микроорганизмдерді ұстағыш) қолданылған.

Тексерілетін композициялардың концентрацияларының бактерицидтік белсенділігі бірнеше әдістермен анықталды: ұңғымаларды пайдаланып агарға диффузия әдісі, Куликовтің зерттеулеріндегі әдісі бойынша сериялық сұйылту тәсілі, фенолдық коэффициентті, ақуыз индексін анықтау көрсеткіштері зерттелген.

Өндірістік жағдайда профилактикалық шараларды ұйымдастыру мақсатында, эксперименттік жұмыстарын іске асыру үшін ылғалды дезинфекцияда Honda (Қытай) жанармай моторында жоғарғы қысымды шашыратқышпен және көбікті дезинфекцияда кішігірім пеногенератор ПГ-24 (Италия) көмегімен жүргізілген.

Микроорганизмдер санын анықтау заманауи BM50W бинокулярлық микроскоптың көмегімен жүзеге асырылған. BM50W бинокулярлы микроскобы корпусы берік, арнайы бағдарламалық жасақтамамен қамтамасыз етілген, камерасы мен түрлі түсті LCD-мониторы бар аппаратты пайдаланған.

Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі.

Ғылыми зерттеулерде дезинфекциялық композицияларды құрастыруда төмендегідей химиялық заттарды пайдаланған: йод, калий йодид, Додецилдиметилбензиламмоний хлориді, сутегі асқын тотығы және т.б.

Жүргізілген тәжірибелердің нәтижесінде, сутегі асқын тотығы және йод негізінде отандық дезинфекциялық композиция құрастырылып, зертханалық және өндірістік жағдайда қолдану режимдері анықталған.

Дайындалған композициялық препараттардың рН көрсеткіші 5,95-7,76 аралығында ауытқып, бейтарап реакция екені анықталып, нәтижесінде жұмысшылардың қолының терісін тітіркендірмейді және металдарды коррозияға ұшыратпайды, бұл препараттарды құрастыру кезінде маңызды көрсеткіш болып табылады.

Профилактикалық дезинфекцияның технологиялық режимін оңтайландыру үшін «Алатау құс» АҚ және «Амиран Агро» ЖШС шаруашылықтары базасында сутегі асқын тотығы және йод негізіндегі дезинфекциялық композициялардың әртүрлі тәсілдермен (аэрозоль және көбік) қолдану режимін анықтау жұмыстары жүргізіліп, «Алатау құс» АҚ шаруашылығында етті бройлер тауықтары құс қорасында 42 тәулікке дейін ұсталатынын ескере отырып, профилактикалық дезинфекциялау мерзімі құстарды тауық қораға орналастырғаннан кейін 20 тәулік ішінде жүргізілуі керек, ал дезинфекциялау жиілігі 20 және 42 тәулікке сәйкес келсе, «Амиран Агро» ЖШС шаруашылығында аэрозоль және көбік әдістерімен залалсыздандырғаннан 30 тәуліктен кейін микроорганизмдердің жинақталуы сәйкесінше: $78,3 \pm 8,4$ және $71,6 \pm 8,2$ мың КТБ/м³ құрап, профилактикалық дезинфекциялау мерзімі 30 тәулік, ал дезинфекцияның жиілігі ай сайын жыл бойы жүргізілуі керек деп есептелген.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.

Дайындалған диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұны зерттеу бағытына байланысты диссертация тақырыбы және зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Диссертацияда қарастырылған міндеттердің барлығы қойылған мақсатты толық ашуға негізделгені көрініп тұр. Диссертация мазмұнында анықталған сандық мәліметтер қорытынды да келтірілген тұжырымдамаларда айқын байқалады. Диссертант зерттеулерде келтірілген нәтижелерді шешуде үлкен еңбек сіңіріп, өзіндік зерттеу жұмыстарын тиянақты орындап шықты. Докторант М.Турабековтің

қатысуымен құрастырылған дезинфекциялық композициялар еліміздегі мал және құс шаруашылығында инфекциялық аурулардың алдын алып, өндірілетін шикізаттың сапасын арттыруға мүмкіндік жасайды.

Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі.

М.Турабековтың диссертациялық тақырып бойынша жүргізілген зерттеулерге қосқан жеке үлесі зерттеу тақырыбын таңдаудан бастап, ғылыми кеңесшілерді бекітуде, қолданылған әдебиеттер көзін талдауда, дезинфекциялық композициялардың құрамындағы негізгі әсер етуші заттарға мониторинг жүргізуге дейін толыққанды араласып отырды.

Дезинфекциялық композициялардың ингредиенттерін таңдау жұмыстарын іске асырып, зертханалық және өндірістік зерттеулер нәтижесінде сутегі асқын тотығы және йод негізінде дезинфекциялық композицияларға зияткерлік меншік институты тарапынан пайдалы модельге патенттер алынған.

1) Дезинфицирующее средство / Патент на полезную модель №8944 от 20.03.2024г.

2) Дезинфицирующее средство / Патент на полезную модель №8959 от 29.03.2024г.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі.

Докторант М.Турабеков диссертациялық жұмысты орындау барысында көптеген шет елдік және отандық ғалымдардың еңбектерін пайдаланған. Диссертация тақырыбын орындау кезінде докторант өзін ғылымға деген құштарлығын көрсетіп, өзіндік зерттеулердің нәтижесін талдауда шынайылығын көрсетті.

Қорытынды.

Турабеков Манас Рамазонович «Мал шаруашылығы нысандарын профилактикалық дезинфекциялауға арналған қауіпсіз қосылыстар негізінде дезинфекциялық заттарды даярлау» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы негізгі талаптарға сай және өзі 8D09102- «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,

«Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының

Ғылыми-зерттеу институты» (БҚПҒЗИ) ЖШС

Микробиология зертханасының меңгерушісі,

ветеринария ғылымдарының кандидаты,

профессор

Б.А. Еспембетов

Б.А. Еспембетов

Б.А. Еспембетовтың қойған қолын растаймын.

«БҚПҒЗИ» ЖШС Әкімшілік – кадр жұмысы

Бөлімінің басшысы



Ә. А. Әлібекова

20.05.2024